

## Әскери білім беру жүйесін жетілдіру жөніндегі шаралар туралы

Қазақстан Республикасы Президентінің 2003 жылғы 21 тамыздағы N 1173 Жарлығы.

### ҚАУЛЫ ЕТЕМІН:

1. "Қазақстан Республикасы Қарулы Күштерінің Әскери академиясы" мемлекеттік мекемесі "Ұлттық қорғаныс университеті" мемлекеттік мекемесі болып қайта ұйымдастырылсын. U973353

2. Қазақстан Республикасының Үкіметі заңнамада белгіленген тәртіппен:

1) "Қазақстан Республикасы Қарулы Күштерінің Алматы жоғары әскери училищесі" мемлекеттік мекемесін "Құрлық әскерлерінің әскери институты" мемлекеттік мекемесі болып қайта атасын ;

2) жоғарыда көрсетілген мемлекеттік мекемелердің әділет органдарында мемлекеттік қайта тіркелуін қамтамасыз етсін;

3) жоғарыда көрсетілген мемлекеттік мекемелердің қызметін қаржыландыру және материалдық-техникалық қамтамасыз ету республикалық бюджетте Қазақстан Республикасының Қорғаныс министрлігіне көзделген қаражат есебінен және шегінде жүзеге асырылады деп белгілесін;

4) екі ай мерзімде осы Жарлықтың 1-тармағында және 2-тармағының 1) тармақшасында көрсетілген мемлекеттік білім беру мекемелері туралы ережелерге тиісті өзгерістер енгізісін;

5) осы Жарлықтан туындайтын өзге де шаралар қолдансын.

3. Қазақстан Республикасы Президентінің "Қазақстан Республикасы Қарулы Күштерінің Әскери академиясы" мемлекеттік мекемесін қайта ұйымдастыру туралы" 2002 жылғы 27 ақпандағы N 815 Жарлығына мынадай өзгеріс енгізілсін:

2-тармағының екінші абзацындағы "және орта әскери-арнаулы" деген сөздер алынып тасталсын.

4. Осы Жарлық қол қойылған күнінен бастап күшіне енеді.

Қ а з а қ с т а н  
Президенті

Р е с п у б л и к а с ы н ы ң